

Хаттама №2

02.10.2023ж

Педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Білім беру барысындағы сапалы білім мен тәрбие беру-мектептің басты ұстанымы»

Күн тәртібінде:

1.№2 Педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуын бақылау директор Г.Шакенова

2.1 тоқсан бойынша оқу үдірісінің қорытындысы директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Э.Коблаш.

Баяндама: «Өзіндік рефлексия-мұғалімнің білім сапасын арттырудағы маңызды кәсіби шеберлігінің негізі»

3.Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1 тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарын қорытындылау директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары В.Габитова.

4.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша директор Г.Шакенова

-31.08.2023 жылдың №678 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды және жүргізілді. Қашықтықтан оқыту біздің балалар үшін өз қиындығы бар дегенмен педагогикалық ұжым бар мүмкіншіліктері мен шығармашылықтарын көрсете білді деп ойлаймын.

2023-2024 оқу жылындағы нұсқаулық басшылыққа алынды. Биылғы оқу жылындағы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге басты назар аударылды.

-Тәрбиеленушілер оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін қол жетімді болуы;

-Балалардың эмоцианалды жай-күйімен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т.б жабдықтау) қамтамасыз етуі;

-Түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересектер мен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс т.б (апталық циклограмма, перспективалық жоспары)

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері мониторинг жүргізі, құжаттың үлгілері жеке даму картасы, үлгілік оқу жоспары болу керек.

2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктері басшылыққа алынды. Пәндер бойынша функционалды сауаттылықты дамыту мен пәндік күзінеттілікті қалыптастыру және әр пәннің өткізу әдіс-тәсілдері мен жұмыс түрі болу керек. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту ілтипат талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет. Білім беру ұйымдарында білім

алушыларды тәрбиелеу ісі – оқу пәндерінің мазмұны сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар, қосымша білім беру, үйірмелер, клубтар секциялар, факультативтер арқылы жүзеге асырылады.

Әдістемелік нұсқау хатта кітапхана жұмысын күшейтуге басты назар қойылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қызметін күшейту, мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет қорын айтарлықтай жаңарту міндеті қойылды.

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру- білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Жоспарға сәйкес мектепшілік бақылауды жоспарлы немесе жедел мониторинг әкімшілік жұмыстар жүргізі түрінде жүргізіледі.

Оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әзірленіп бекітілді.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Э.Коблаш

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені 2023-2024 оқу жылында білім беру процесін іске асыру кезінде Білім туралы заң және тағы басқа заңнама актілерін басшылыққа алып, нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылып жатқаны туралы айтылады.

Қыркүйек айында қашықтықтан және штаттық тәртібіндегі қоңырау кестесі бекітілді. «Bilimklass. kz» платформасында электронды күнделік жүргізілді. Платформаның өзіндік қиындықтары бар, әлі де жалпы жүйе де толықтай іске қосылмаған батырмалар бар.

2023-2024 оқу жылындағы класс комплект және оқушылар туралы мәлімет:

Мектепке дейінгі топтар-2

Есту қабілеті бұзылған оқушылар кластары-15

0а,1б,2а,3а,3б,4а,5а,6а,6б,7б,8а,8б,9а,10а

Нашар еститін оқушылар кластары-4

0б,4ә,5ә,10б

Көру қабілеті бұзылған және мүлдем көрмейтін оқушылар кластары-8

0ә,0в,1в,2в,3,4б,5б,6в

Арнайы кластар-2

2б,7ә

Балабақша қазақ тілінде-2 топ

0-4 класс қазақ тілінде 7 класс, бала саны қазақ класында 25 бала, орыс класында-26 бала, орыс тілінде-8 класс.

5-10 класс-қазақ тілінде 8 класс, орыс тілінде – 6 класс, қазақ класында 34 бала, орыс класында 25 бала.

Оқушылардың сабаққа қатысымы:

1.Сауықтыру шаралары-13 оқушы

2.Амбулаториялық ем қабылдағандар-10 оқушы

3.Спорттық және шығармашылық сайыстарға-13 оқушы.

Оқушылардың оқу үлгерімі:

Кластар	2022-2023 оқу жылы	1 тоқсан	Салыстырмалы динамикасы
2а	-	25%	-
2в	-	25%	-
3а	66,6%	25%	-
3б	50%	100%	+50%
3в	40,5%	40%	қалыпты
4а	33,3%	25%	-8,3%
4ә	33,3%	0%	-33,3%
4б	20%	20%	
5а	0%	0%	өзгеріссіз
5ә	42,8%	38%	-4,2 %
5б	50%	67%	+17%
6а	50%	25%	-25%
6б	25%	25%	қалыпты
6в	0%	0%	өзгеріссіз
7а	33,3%	33%	қалыпты
7б	80%	80%	қалыпты
8а	33,3%	33%	қалыпты
8б	50%	25%	-25%
9а	25%	25%	қалыпты
10а	33,3%	33,3%	қалыпты
10б	40%	40%	қалыпты
Барлығы	37,6%	27,8%	-9,8%

Оқу озаты – жоқ

Оқу екпінділері – 26 оқушы

1.2а-Алтынбек Артур

2.2в-Орынбасар Ибраһим

3.3а-Қожан Мағжан

4.3б-Әлібек Айша, Дүйісова Амина

5.3в-Анварбеқов Данис, Ртарбаев Амир

6.4а-Салықова Айша

7.5ә-Бақтығали Асланбек, Нұрмұхамед Диас, Шымбергенова Томирис.

8.5б-Байғабылова Амина, Уразғалиева Жания

9.6а-Бисенбаев Нұрсұлтан, Қанатова Динара

10.6б-Бердібек Бақытжан

11.7а-Алиева Айдана

7б-Амангосқызы Қамарсұлу, Аманчин Руслан, Сапарғалиев Ильдар,

Костромина Эльвира

12.8а-Когисова Аружан

13.9а-Сембі Жасмин

14.10а-Бимашева Меруерт

10б-Мажитов Әділжан, Мажитов Еділжан

Қашықтықтан оқыту барысында сабақтар «Whatsap» желісі, ZOOM платформасы арқылы өткізілді, кері байланыс алынды, бейнеқоңырау арқылы оқушыларға түсіндіріліп отты.

Класс чаттарында чаттарында белсенділік көрсеткен кластар: 1в,2в,3в,4а,4ә,4б кластары. 5-10 класс арасынан – 5а,5ә,6а,6в,7а,7б,8а,10б. Қиындық тудырған класс-8б класы. Оқушылармен, ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Апта сайын сабақтарға дайындалған презентациялар кері байланыс видеожазбалар жинақталды. Сабақтар сурдоаудармамен жіберіліп отырды. Әсіресе 2 тоқсанда жаратылыстану бағытындағы пәндердің оқу материалы ықшамдалып, нақты сурдоаудармамен жіберілуі қадағаланды. Жас мамандар отырысы, әдеп кеңесінің отырысы өткізіліп, педагогикалық әдеп талаптар, арнайы білім беру мекемесінің ерекшеліктері т.б өзекті мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 тоқсандағы жұмыстарды қортындылай келе төмендегі ұсыныстар берілді:

Ұсыныстар:

1. «Bilimklass. kz» платформасында электронды күнделікті жүргізілуін меңгеру.
2. Оқушылардың сабаққа қатысымы қадағалансын.

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Э.Коблаш «Өзіндік рефлексия-мұғалімнің білімі сапасын арттырудағы маңызды кәсіби шеберлігінің негізі» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндама барысында жаңашылдыққа байланысты педагогикадағы рефлексияның мәні туралы айтып, рефлексияның оқушы үшін де, мұғалім үшін де маңызының зор екені айтылды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары В.Габитова сөз алды:

-ҚР Білім Министрінің 19.09.2023 ж №294 бұйрығымен Білім беру ұйымдарындағы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар бекітілді.

Білім алушыларымыздың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, біртұтас тәрбие бағдарламасының кешенді жоспарының негізінде тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылды.

1 тоқсанда тәрбиешілер жаңа бағдарлама бойынша бекітілген жоспар арқылы өз жұмыстарын жүргізді. Қыркүйек айында Тоғыз айға іс-шара жобасына сәйкес, тәрбиешілер салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Республикалық «Сергіту сәті» челленджіне қатысты өткізілген шараға жас маман М.Тілеу өз берсенділігін көрсетті.

Қазан айының 23 күні барлық білім беру ұйымдарда «Әнұран айту» челленджі өтті. Белгілі себептермен Әнұранды Н.Камилова өзі орындады.

Қараша айында «Асық ату» челленджі өту керек. Челлендждің өтілуі дене шынықтыру мұғалімдеріне тапсырылады.

13.10.2023 ж Халықаралық деңгейдегі мүмкіндігі шектеулі арулар арасындағы «Сәукелелі ару-2023» байқауына Т.Мамбеткулова 1 курс студенті Бекмуратова Бақытжанды дайындап дипломмен, сыйлықтармен марапатталды.

Қашықтықтан оқу кезінде тәрбиешілер балалармен кездесіп, сабақтан тыс шараларды басқа ғимараттарда алаңдарда өткізді. Жоғары буын тәрбиешісі Б.Қыдыралина қалалық С.Бәйешов атындағы әмбибап ғылыми кітапханасында жоғары класс және колледж оқушылары арасында 25 қазақ Республика күніне орай ашық сабақ өткізді. Бастауыш буын және тифло класс тәрбиешілері ӘБ жетекшілері Ж.Балмуханбетова, Н.Зағитованың ұйымдастыруларымен ата-аналармен бірлесе отырып балаларды Динопаркке Скайпаркке өлкетану мұражайына апарды.

Қр оқу ағарту министрінің төралығымен 2023 ж 4 қыркүйегіндегі №28 хаттамасында бекітілген шешімге сәйкес барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарды қолдау орталықтары құрылды. Осыған байланысты мектепте тәрбиешілер, психологтар, әлеуметтік педагогтан құрылған орталық жұмысын бастады.

Бұл орталықтың мақсаты: балаларды оқыту тәрбиелеу мәселесі бойынша ата-аналармен қарым-қатынасты күшейту берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру.

Сонымен қатар, тәрбиешілерге жөндеуден кейінгі интернатты тазалау бойынша атқарған жұмыстары, көмектері үшін алғысымды білдіремін.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Э.Коблаш «Bilimklass. kz» платформасы туралы айтып өтті.

-«Bilimklass. kz» платформасы бойынша 1 кезеңде инвариантты бөлімдегі жиынтық баға қойылатын аптасына 2-ден артық сағаттар 10 балдық жүйемен бағаланады. 2 кезеңде инвариантты және вариативті коррекциялық бөлімдегі 2 ден артық сағатта сыналды. БЖБ, ТЖБ нәтижелері уақытында толтырып отыру керек.

Жеке үйден оқитын оқушыларда осы жүйемен жасалады. Барлық жұмыстар болған соң, әкімшіліктен рұқсат беріліп, журнал жабылады.

Арнайы кластардағы оқушылар 2-5 балл аралығында бағаланады. Зияты орташа оқушылар бағаланбайды.

Қаулы:

1. а) 1 тоқсанның оқу тәрбие жұмысының қортындысы қанағаттанарлық деп саналсын.
ә) «Bilimklass. kz» платформасын оқып меңгеру жұмысы жалғастырылсын.
2. Қашықтықтан оқыту кезіндегі білім алудағы олқылықтармен жұмыс тиімді ұйымдастырылсын.
3. Үйден оқитын оқушылармен жұмыс жеке оқу бағдарламасымен білім алатын оқушылармен саралаптан қарым-қатынас жасалсын.

Директор Г.Шакенова
Хатшы Г.Шағатаева

